



Симфония әлемінің ғарышкері

«Қой асығы демегін, қолыңа жақса, сақа тұт,
Жасы кіші демегін, ақылы асса, аға тұт»

Халық даналығы

Егемен еліміз бен тәуелсіз мемлекетімізді бүкіл әлемге паш етіп, аспан түсті байрағымызды үлкен мақтанышпен желбіретіп жүрген ұлтжанды жастарымыз туралы сөз қозғағанда, бармақтайынан өз ортасынан суырылып шығып, жүзден жүйрік, мыннан тұлпар шыққан әрі ақпарат құралдарында «Қазақтың Моцарты» атанып жүрген ғажайып талант иесінің бірі емес, бірегейі және заманауи классикалық музыка өнерінің хас шебері, сондай-ақ өзінің кәсіби саласы бойынша толағай табыстарымен өз отанымызда да, алыс-жақын шетелдерде де жүйелі өткізіліп келе жатқан дәстүрлі халықаралық сайыстарда көш бастап, сүбелі жүлде алып жүрген пианист әрі ғалым-композитор Рахат-Би Төлегенұлы Әбдісағиннің бірден ойға оралып, тілге тиек болатыны жайдан-жай емес. Өйткені бұлай деуге негіз болатын дәлелді дәйектер жетіп артылады.



болды. Сондай-ақ оның «Грани гармонии», «Десять прикосновений к звучащему космосу», «Божественный путь» атты шығармалар жинағы да жоғарыда айтылғанның айқын дәлелдері. Сондай-ақ талантты композитордың Ұлттық ғылым академиясы мен университеттер журналдарында да бірнеше ғылыми мақалалары жарияланған болатын. Және ол 13 жасынан бастап, Алматы қаласының оқушылар сарайында, Қазақ ұлттық өнер университетінде, Қазақ ұлттық консерваториясында, сол сияқты Италияның Бергамо қаласындағы Санта-Чечилия музыка академиясында («Музыка жолдары», «Математика және музыка» атты дәріс-концерттерін де өткізіп келеді. Сосын зерделі ғалым ретінде Рахат-Биді бүгінгі таңдағы авангардтық музыка бойынша «Ең жаңа композиторлық және орындаушылық техникалар» атты алғашқы оқу құралын әзірлеп, жариялаған ғалым-автор екенін де атап өтудің жөн бар. «Кісі болар кісінің кісіменен ісі бар» демекші, Рахат-Бидің биік дәрежелі кәсіби маман ретінде қалыптасуының бірегей сыры оның қазіргі заманның әлемге әйгілі композиторларының шеберлік сабақтарына қатысып, тағылымды дәрістер алуында жатыр. Ол композиторлардың ішінде Италияның, Ресейдің, Францияның, Швейцарияның, Аустрия-

Дәл осы тұста Рахат-Бидің кез келген партитураны жатқа ойнайтын дарынды пианист қана емес, оның Батыс Еуропа елдерінде, оның ішінде әсіресе Италия, Франция және Ұлыбритания ғұламаларының арасында да ғалым-композитор ретінде өте биік беделге ие болғанын елемей кетсек, сын болар еді. Мәселен, өткен көктемде Ұлыбританиядағы ғылыми қоғамның шақыруымен Рахат-Би Оксфорд пен Кембридж университеттерінде болып қайтқан-ды. Ол Оксфорд университетінің Вольфсон колледжінде «Кванттық физика және авангардтық музыка» тақырыбы бойынша новаторлық ғылыми баяндама жасады. Сол баяндамасының мәнін Рахат-Бидің өзі былайша түсіндіреді: «Физика да, музыка да әлемдегі мәңгілік үйлесімділікті іздейді. Классикалық музыка немесе И.С.Бах, Г.Ф.Гандель, К.В.Глюккен, И.Гайдн, В.А.Моцарт және Л.Ван Бетховенге дейінгі классицизм дәуірі бүкіләлемдік тартылыс заңын ашқан Исаак Ньютонның классикалық механикасы пайда болғаннан кейін ғана басталды. Ал авангардтық музыка болса, XIX-XX ғасырдың басында, яғни ғылым әлемінде іргелі жаңалықтар ашылған кезде пайда болды. Және бұл біздің ғаламның құрылымы туралы түсінігімізді де түбегейлі өзгертті. Мәселен, Эрнест Резерфордтың атомды ыдыратуын алсақ, музыкада бұл кезең мультифониканың пайда болуымен қатар, дыбыстық спектрге деген соны көзқараспен, сонымен қатар орындаушылық пен композиторлық техникаларға басқаша көзқарастардың туындауымен айқын көрінді. Мұның сыртында ол дәуір Альберт Эйнштейннің салыстырмалылық теориясы мен Макс Планк, Нильс Бор, Эрвин Шредингер, Вернер Гейзенберг, Вольфганг Паули, Энрико Ферми, Пол Дирак және басқа да ғалымдардың кванттық механикасы ашылған кезең болатын. Сол ғылыми теорияларды ескере отырып, мен-дағы өз баяндамада физика мен музыканың даму хронологиясына көңіл аудардым. Әсіресе олардың арасындағы метафоралық корреляцияға көбірек назар аудара отырып, Штокхаузен мен Кейдждің таңдаулы музыкалық шығармаларынан физикадағы Гейзенберттің «белгісіздік қағидатының» қандай да бір ұқсастықтарын іздеп табуға тырыстым. Сосын физикадағы Паулидің «тыйым салу қағидатына», нә болмаса музыкадағы Шoenберттің декафониясына қатысты ізденістер де өте манызды. Бұл тек бастамасы ғана. Алайда музыка мен физика арасына теңдік белгісін қоюға болмайды. Бірақ солай бола тұрғанымен, олардың екеуі де ғалам туралы білім. Ал Нобель сыйлығының лауреаты Вернер Гейзенберг болса, өзінің «Физика және философия» сынды кітабында өнер мен ғылымды адамзаттың Ғаламды сипаттайтын ерекше тілдері деп түйіндейді. Мен бұл пікірмен толық келісемін. Осы орайда Кембридж университетінде физика саласы бойынша Нобель сыйлығының иегері атанған профессор Брайан Дэвид Джоозефонмен кездескенмін. Байқап қарасам, сол ғұлама ашқан ғылыми технологиялық жаңалық ғылымның әртүрлі салаларына белсенді енгізіліпті. Мысалы, әлгі технология медицинада МРТ аппараттарының пайда болуына негіз болған екен. Сонымен қатар профессор Джоозефон – «Музыка адамның ақыл-ойы туралы не айта алады?» атты ғылыми мақаланың авторы. Сондай-ақ мен әлгі ғалым-тұлғаның өзімнің ғылыми жұмыстарыммен де жете таныс екеніне және музыкалық шығармаларымды да қоса тыңдап жүргеніне өте қатты таңдандым. Ол профессор сонымен қатар маған Кембридж университетінің Тринити колледжін және аты аңызға айналған «Wren» кітапханасын да көрсетті. Соның арқасында әлгі кітапханада Исаак Ньютонның қолжазбаларының түпнұсқаларымен танысу бақытына да

ие болдым. Енді, міне, дәл бүгінгі таңда мен Оксфорд университетінің арнайы шақырылған зерттеуші ғалым статусында көптеген дарынды физиктермен қатар жұмыс істеу мүмкіндігіне де ие болғанымды жасырмаймын», деп ағынан жарылады.

Осы айтылғандарының бір дәлелі ретінде Рахат-Би 2018 жылы сол кездегі еліміздің энергетика министрі Қанат Бозымбаев бастаған Үкімет делегациясының құрамында Швейцария мен Францияның шектес аймағында орналасқан Еуропаның ядролық зерттеулер орталығында, одан да дәлірек айтқанда, бүкіләлемдік инженерлік мидың кіндігі саналатын әрі жер бетінен 100 метр төменде орналасқан, периметрі 27 километрге теңелетін Ядролық зертеулер орталығында (халықаралық атауы – CERN) болып, ғажап әсер алып, шексіз шабыттандығы соншама, мұның соңы өзінің «Бөлшектердің күдіретті әлемі» («The Sacred Universe of Particles») атты туындысын жазуға серпін алғанын еске алады.

Күдіретті немесе киелі әлем демекші, киелі кітаптардың бірі Тәураттың бастапқы беттерінің бірінде адамның жаратылысы жөнінде мынандай түйіндеме тұр: «Адам – Аспан мен Жердің жаратылысы. Дәлірек айтқанда, Күдіретті Құдай адамды микроәлем ретінде жаратты, оған макроәлемдердің де, қарапайым материяның да барлық элементтерін жинады. Аспан әлемінен табуға болатын күллі дүние мен Жер бетіндегінің бәрі де адам бойынан көрініс тапқан». Бұл түйіндеме – нағыз шындық. Өйткені макроәлемдегі күллі материяның атом бөлшектерінен тұратыны секілді Менделеев таблицасындағы күллі элемент атаулының барлығы да адам азғасынан табылатынына ешбір күмән жоқ. Дәл осы тұрғыдан келер болсақ, жер бетіндегі 8 миллиардтан асып жығылатын адам баласының бәрі де, оның ішінде бүгін тілге тиек болып отырған сол миллиардтардың бірі әрі ұлы Абайдың толық адам концепциясына лайықты тұлға Рахат-Би де өзінше бір микроәлем екені даусыз. Және мұның нақты дәлелін ғалым-композитордың мына бір философиялық ой-түйіндерінен де табамыз. Ол былай дейді: «Әдетте адамды мұхиттың бір түйір қиыршық құмына теңейді. Ал шындығында, адам – бір түйір құмдағы мұхиттың дәл өзі. Сондай-ақ ол былай дейді: «Әдетте адамдар уақыт өтеді дейді, ал шындығында уақыт емес, адам өтеді». Бұл да шындық. Өйткені уақыт пен кеңістік – мәңгі мызғымайтын макроәлем. Ал адам баласы болса, сол мәңгілік макроәлемге келіп-кетіп тұратын микроәлемнің өкілдері.

Мақала соңы түйықтай келе, оны еліміздің музыка өнерін сүйетін қауымға жеткізетін сүйінші хабармен түйіндесек артық болмас. Алла бұйыртса, 2024 жылдың басында Рахат-Бидің «The Bruse» атты (орган аспабы, хор және солистердің қатысуымен орыдалатын) жаңа операсының тұсауы Еуропа төрінде – Ұлыбритания құрамындағы Шотландияның бірнеше қаласында, оның ішінде бас қаласы Эдинбургте кесілейін деп отыр. Нақтырақ айтсақ, дарынды композитордың өзінің тікелей сүйемелдеуімен орган сынды ғажап музыкалық аспаптың тылсым үнінің ауанында Шотландия халқының ұлттық мақтанышы әрі 1274-1329 жылдар аралығында өмір сүрген, алдағы жылы туғанына 750 жыл толатын батыр да атақты Король Роберт Брюстың тарихи тағдыры көрініс табады. Заманауи операның беташар премьерасының қойылымдары келесі ақпан айының 17-сі мен 24-і аралығында Глазго соборында (Glasgo Cathedral), сонымен қатар Әулие Джэйлз соборында (ST Giles's Cathedral), сол сияқты Әулие Эндрюс университетінде (Unversity of St Andrews) және наурыздың үш күні Данфермлин аббаттығында (Dunfermline Abbey) өтетін болып отыр. Бұл сүйінші жаңалықтың дәлелі ретінде аталған операның авторы Рахат-Бидің атына жоғарыда аталған соборлардың жетекшілерінен келіп түсіп жатқан ресми құжаттарды айтсақ та жеткілікті.

Тарихи және лингвистикалық тұрғыдан дәл осы тұста герман тобына жататын немістердің де, ағылшын-саксондықтардың да, тіпті скандинавиялық викингтердің де түпкі тамыры сактардан бастау алатынын ескерсек, Рахат-Бидің жоғарыдағыдай тарихи тақырыпқа баруының жайдан-жай емес екенін де түсіну қиын бола қоймас деген ойдамын. Ендеше, еліміздің бетке ұстар азаматы әрі оның өз сөзімен айтқанда, кіндігі қазақ топырағына байланған ұлтжанды Рахат-Биге: «Жолың болсын, батыр! Осы уақытқа дейін асқан асуларыңнан келер болашақта алатын асау шыңдарың биік болғай!» деп ақ батамыз бен шынайы тілегімізді жеткізсек, ақ ниетті ағайын.

Әділ АХМЕТ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор

Бейжің, Сеул, Анкара, Ыстанбұл, Мәскеу, Том, Рогашке-Слатина, Бергамо, Аркей, Аликанте, Теуладе-Морайра, Каир, Александрия, Амман, Астана, Алматы қалаларында аншлаптен өткені де айтуға тұрарлық дүние.

Шетелдік сыншылар Рахат-Биді «нағыз қазақ кереметі, қолында ерекше қуаты бар, өршіл нысаналы виртуоз пианист» деп атайды. Ол – П.И.Чайковскийдің музей-үйіндегі жеке роялында ойнау құрметіне ие болған қазақстандық бірегей өнер иесі. Міне, сондықтан Рахат-Бидің тек қазақ тыңдармандарын ғана емес, күллі әлемге әйгілі музыка өнерінің саңлақтарын (олардың ішінде Нобель сыйлығымен марапатталған іргелі ғалымдар да бар) да қоса таңдандырып келе жатқандығын еске ала отырып, өз басым Рахат-Биді поэзия ғарышкері Мұқағалидың: *«Туады, туады әлі нағыз ақын, Нағыз ақын бал мен у тамызатын. Жесірдің айырылса сырласы боп, Жедеттің көзінен жас азғызатын. Туады, туады әлі нағыз ақын!»*

Жыр сөздері жай болып атылғанда, Атылғанда, аспаннан оқылағанда, Мықауларға тіл бітіп, керең естіп, Жанар пайда болады соқырларға», дейтін ғажап поэтикалық шұмағының бас кейіпкеріне балаймын. Өйткені Мұқаңдай шексіз дарын иесі болашақта өз өнерлерінің жасындай қуатымен тыңдармандар әлемін әп сәтте баурап алатын Рахат-Би секілді бірегей талант иелерінің туатынына зәредей күмәндаңбаған гой. Осыны мойындай отырып, қайран қаласың да, көріпкел ақынның таланттына тұшына сүйсініп, күдіретті поэзиясының алдында еріксіз тізе бүгіп, басыңды иесің.

Алтыншыдан, Рахат-Бидің шығар-

“**РАХАТ-БИДІҢ БИІК ДӘРЕЖЕЛІ КӘСІБИ МАМАН РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ БІРЕГЕЙ СЫРЫ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ КОМПОЗИТОРЛАРЫНЫҢ ШЕБЕРЛІК САБАҚТАРЫНА ҚАТЫСЫП, ТАҒЫЛЫМДЫ ДӘРІСТЕР АЛУЫНДА ЖАТЫР. ОЛ КОМПОЗИТОРЛАРДЫҢ ІШІНДЕ ИТАЛИЯНЫҢ, РЕСЕЙДІҢ, ФРАНЦИЯНЫҢ, ШВЕЙЦАРИЯНЫҢ, АУСТРИЯНЫҢ, ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ЖӘНЕ ӨЗ ЕЛІМІЗДІҢ ТАНЫМАЛ Тұлғалары бар**

малары Бах, Гайдн және Моцарттан бастап қазіргі заманғы авторларға дейінгі әлемдік классиканың жауһарлары жинақталған Оңтүстік Иллиной университетінің (АҚШ) «Discography» оркестрінің сүйемелдеуімен фортепианода орындалатын шығармалардың дүниежүзілік қорына да еніп үлгерді. Сонымен қатар оның партитураларын бүгінгі таңда еуропалық және ресейлік баспалар да жариялап жүр. Мәселен, 2022 жылы әйгілі «Verlag Neue Musik Berlin» баспасы Рахат-Бидің симфониялық оркестрдің әр аспабына арнап жазған шығармаларын қамтитын «Selected Solo Works» («Таңдаулы жеке шығармалар») атты арнайы жинағын да шығарды. Рахат-Биге дейін мұндай ауқымды жобаны тек ұлы итальяндық композитор Luciano Beio ғана жүзеге асырғаны белгілі.

Жетіншіден, 2018 жылдың 9 сәуірінде Рахат-Бидің Парижде француз флейта оркестрінің 24 флейта аспабына арналған «Des pensees de loin» («Алыстан жеткен ойлар») атты шығармасының премьерасы да өте сәтті өтіп, бұл симфониялық шығарманы француздар өз репертуарына бірден қосып алса, 2021-2023 жылдар аралығында Германияның «Kreuzberg records» сынды аты әлемге әйгілі дыбыс жазатын фирмасы Рахат-Бидің үш фортепианолық CD-дискілерін шығарғанды. Олардың бірі – «Rakhat-Bi Abdysagyn plays Chopin and Liszt», екіншісі – «Rakhat-Bi Abdysagyn plays Viennese Classics: Haydn, Mozart, Beethoven», ал үшіншісі – «Rakhat-Bi Abdysagyn plays Beethoven» атты үлкен таралыммен жарыққа шыққан туындысы болатын.

Сегізіншіден, музыкалық шығармашылықпен қатар Рахат-Би ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де белсенді айналысады. 14 жасында ол қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде «Математика және заманауи музыка» атты еңбегін жариялады. Ол туындысы 2013 жылы Мәскеуде өткен VII Халықаралық ғылыми жобалар байқауында 1-орынға не

ның, Ұлыбританияның және өз еліміздің танымал тұлғалары бар.

Сонымен қатар Рахат-Бидің фортепианода ойнау шеберлігін белгілі отандас педагогтер Ирина Вихновская, Гүлнар Құрамбаева, Светлана Массовер, сол сияқты шетелдік Константин Богино (Италия), Нина Игудесман (Аустрия), Елена Иванова (АҚШ), Владимир Овчинников (РФ) сынды кәсіби мамандар да барынша жетілдірді. Өз кезегінде оның кәсіби шеберлігінің осылайша ұшталуы оның үлкен жетістіктерге қол жеткізуіне іргетас болды. Сол нәтижелері Рахат-Биді бүгінгі таңда тек өз елімізде ғана емес, бүкіл әлемде танымал етті. Музыка теориясы бойынша Рахат-Би сонымен қатар музыкатанудың ондаған көрнекті қайраткерлерінің дәрістері мен семинарларына да белсенді қатысты.

2017 жылдың күзінде Рахат-Би халықаралық іріктеу нәтижелері бойынша Италияның үш жоғары оқу орнының докторантурасына қабылданады. Олардың бірі – Италия бастасы Римдегі жоғары музыкалық білім беретін Санта-Чесилия ұлттық академиясы болса, екіншісі – Италияның Падуа қаласының Чезаре Поллини атындағы мемлекеттік консерваториясы. Біріншісінде ол қазіргі заманның көрнекті композиторы Иван Феделенің сыныбында оқыса, екіншісінде әйгілі пианист, Халықаралық музыка Академиясының директоры Константин Богиноның тобына түсті. Рахат-Би сонымен қатар Италияның Милан қаласындағы Джузеппе Верди атындағы консерваториясының докторантурасындағы жаңа музыканың ірі өкілі Алессандро Солбиатидің сыныбына да қоса қабылданды. Ол 20 жасында осы аталған Еуропаның музыка саласындағы ең абыройлы үш жоғары оқу орнын үлкен нәтижемен аяқтап шықты.

«Бір тіл білген – бір адам, екі тіл білген – екі адам» демекші, Рахат-Би болса, қазақ тілінен бөлек орыс, ағылшын, испан және итальян тілдерін де қоса меңгеріп алған полиглот.